

# МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

## ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

### THEORY AND HISTORY OF STATE AND LAW

<https://doi.org/10.31489/2026L1/73-86>  
ӘОЖ 37:342.7

Мақаланың редакцияға түскен күні: 28.10.2025 ж.

Қабылданған күні: 13.01.2026 ж.

Интернетте жарияланған күні: 30.03.2026 ж.

А.И. Бирманова<sup>1</sup> , А.Б. Шакирова<sup>2\*</sup> 

<sup>1, 2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: [birmanovaa81@internet.ru](mailto:birmanovaa81@internet.ru); [altunay.shakirova@mail.ru](mailto:altunay.shakirova@mail.ru))

<sup>1</sup> ORCID ID: 0000-0001-9903-7521, Scopus Author ID: 57202834372;

<sup>2</sup> ORCID ID: 0000-0003-0109-1197, Scopus Author ID: 59244918700

### Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде азаматтардың білім алу және кемсітушілікке қарсы іс-қимыл құқығын іске асыру: құқықтық және әлеуметтік аспектілері

Мақалада Қазақстан Республикасында азаматтардың білім алу құқығын іске асыру және білім беру ортасында кемсітушілікке қарсы іс-қимылдың құқықтық және әлеуметтік контексті қарастырылған. Авторлар білім беру жүйесінің тиімділігі тек педагогикалық үрдістің сапасына ғана емес, барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге байланысты екенін атап көрсетеді. Әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтар, кейбір топтардың білім беру үрдісіне жеткіліксіз тартылуы, сондай-ақ төзімсіздік негізіндегі қақтығыстар кемсітушіліктің таралуына жағдай туғызатынына ерекше назар аударылған. Сонымен қатар білім беру саласын реттейтін қолданыстағы заңнама мен нормативтік актілер, инклюзивті білім беруге бағытталған ұлттық бастамалар талданды. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының білім беру саласында кемсітушілік қағидатын іске асыруға ықпал ететін құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік-мәдени факторларға кешенді талдау жүргізу. Осы мақсатта көпдеңгейлі тәсіл қолданылды: білім беру саласын реттейтін қолданыстағы заңнама мен нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалды, инклюзивті білім беруге бағытталған ұлттық бастамалардың кейсік зерттеулері қарастырылды, сондай-ақ білім беру үрдісіне қатысушылар (білім алушылар, педагогтер және әкімшілік персонал) арасында эмпирикалық сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде кемсітушілікке қарсы нормалардың жеткілікті деңгейде нақты айқындалмауы және республикалық және аймақтық нормативтік-құқықтық актілер арасындағы үйлесімсіздік арқылы көрініс табатын елеулі құқықтық олқылықтар анықталды. Бұл жағдай білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтарын қорғаудың біркелкі жүзеге асырылмауына әкеледі. Авторлар нормативтік базаны жетілдіру, кемсітушілік жағдайларын мониторингтеу жүйесін енгізу және білім беру ұйымдары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара әрекетті күшейту қажеттігін тұжырымдайды.

*Кілт сөздер:* білім алу құқығы, инклюзивті білім, кемсітушілікке қарсы іс-қимыл, білім беру ортасы, білім беру құқықтарын іске асыру, білім беру саясаты.

#### *Kipicne*

Азаматтардың білім алу құқығын іске асыру — құқықтық мемлекет дамуының негізгі индикаторларының бірі. Бұл құқықтың тиімді жүзеге асырылуы тек заңнамалық деңгейдегі реформаларды ғана емес, сонымен қатар халықаралық стандарттарға сай институционалдық тетіктерді қалыптастыруды талап етеді. Қазақстанда білім беру саласының цифрлық трансформациясы, академиялық еркіндік кеңістігінің қалыптасуы және білім беру сапасын

\* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: [altunay.shakirova@mail.ru](mailto:altunay.shakirova@mail.ru)

қамтамасыз етуге бағытталған жаңа механизмдердің енгізілуі — мемлекеттің білім беру саясатының стратегиялық бағдарын айқындайды [1].

Білім алуға қолжетімділік азаматтардың білім алу құқығын іске асырудың негізгі шарттарының бірі. Бұл құқық адам құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде танылғанымен, әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде әлеуметтік осал топтар үшін, оны толық көлемде жүзеге асыру әлі де шектеулерге ұшырап отыр. Сапалы әрі инклюзивті білім беру Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсаты — «барлығын қамтитын және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру» [2] аясында азаматтардың білім алу құқығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып саналады және ол гендерлік теңдікке қол жеткізу, теңсіздікті азайту, лайықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету сияқты өзге де стратегиялық мақсаттармен өзара тығыз байланысты.

Қазіргі зерттеулер азаматтардың білім алу құқығын іске асыру барысында кемсітушілік көбінесе этникалық шығу тегі, мүгедектік, гендерлік ерекшеліктер және әлеуметтік-экономикалық мәртебе белгілері бойынша көрініс табатынын, әрі оның көп жағдайда жүйелі және қайталанбалы сипатқа ие болатынын айқындайды. Осыған байланысты азаматтардың білім алу құқығын толық әрі тиімді жүзеге асыру білімге қолжетімділіктегі кедергілерді жоюмен ғана шектелмей, ұйымдастырушылық және қаржылық шаралармен қатар әлеуметтік-мәдени факторларды ескеруді, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушылары тарапынан кемсітушілік көзқарастарға қарсы белсенді іс-қимылды талап етеді.

Қазақстан Республикасы білім беру саласында кемсітушілікке жол бермеуге бағытталған жүйелі саясат жүргізіп келеді. Сонымен қатар кемсітушілік мәселесі әлі де өзекті болып қалып отыр. Оны одан әрі шешу үшін кемсітушілік көріністеріне нақты түрде қарсы тұра алатын құқықтық және әлеуметтік тетіктерді айқындау, сондай-ақ кемсітушілікке жол бермеу саясатын іске асыруға кедергі келтіріп отырған заңнамадағы олқылықтар мен тәжірибелік механизмдердің кемшіліктерін анықтау қажет.

Зерттеу білім беру саласындағы кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі жарияланған саясат пен оның нақты тәжірибеде жүзеге асырылуы арасындағы сәйкестікті талдауға мүмкіндік беретін аналитикалық құралдарды әзірлеуге, сондай-ақ нормашығару және басқару саласында қолдануға болатын ұсыныстарды тұжырымдауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы [3], «Білім туралы» Заңы [4] және ратификацияланған халықаралық-құқықтық құжаттар білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың тірегі. Алайда бұл құқықты толыққанды іске асыру үдерісінде бірқатар ұлттық ерекшеліктер мен жүйелік проблемалар байқалады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі** — азаматтардың білім алу құқығын тең және толық іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы құқықтық және әлеуметтік механизмдерді кешенді талдау арқылы оларды жетілдіру қажеттілігінен туындайды. Алайда әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, гендерлік және мәдени айырмашылықтар, сондай-ақ инклюзивті білім берудің жеткіліксіз дамуы білім беру ортасында кемсітушілік тәуекелдерін сақтап отыр. Осыған байланысты білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы құқықтық және әлеуметтік тетіктерді кешенді талдау және оларды жетілдіру жолдарын айқындау өзекті ғылыми міндет.

Зерттеудің мақсаты — Қазақстан Республикасындағы білім беру ортасында кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған құқықтық реттеу, әлеуметтік және мәдени факторларды кешенді талдау жүргізу, сондай-ақ кемсітушілікке қарсы іс-қимыл құқығын іске асыру тетіктерін жалпы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды:

- Білім беру саласында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету негізін құрайтын негізгі нормативтік-құқықтық актілерді талдау;
- Кемсітушілікке жол бермеу қағидатының тәжірибелік іске асырылуын көрсететін институционалдық және басқарушылық тәжірибелерді зерттеу;
- Білім беру саласында кемсітушілік қағидатын қамтамасыз етуге кедергі болатын заңнамалық, басқарушылық, әлеуметтік және мәдени факторларды анықтау;
- Ұлттық тәжірибені халықаралық және шетелдік стандарттар мен практикалармен салыстыру;
- Білім беру саласында кемсітушілікке қарсы тетіктерді күшейту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Білім алу құқығын іске асыру мәселесі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде кеңінен зерттелген. Бұл бағытта М.Т. Лаумулин, С.С. Сартаев, Г.С. Сабикенов, А.Е. Әбдіразақ,

А. Абдразаков, Ш.Ш. Баймолдина, Г.К. Құсайынова, А.Д. Амантаева және басқа да зерттеушілердің еңбектері ерекше назар аудартады. Аталған авторлар өз зерттеулерінде білім алу құқығын конституциялық-құқықтық институт ретінде қарастырып, оның мазмұнын, мемлекеттік міндеттемелерді және құқықты іске асыру механизмдерін талдайды.

Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы іс-қимыл құқығын іске асыру мәселесіне қатысты Д. Орынбасаров, П. Байырбек, Л. Сапархан, С.А. Сейдуманов, Қ.Қ. Өмірғали, Г.Г. Сагидуллина, Р.У. Сүлейменов, А.Т. Куатова сынды ғалымдардың зерттеулері белгілі. Бұл жұмыстарда білім беру саласында кемсітушілікке қарсы саясатты тиімді іске асыру үшін қосымша факторлар ретінде жергілікті қауымдастықтарды белсенді тарту, білім беру үдерісін қамтамасыз ететін тұлғалардың кәсіби құзыреттерін дамыту, ұйымдастыру шараларын күшейту және қаржыландырудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған.

Сонымен қатар ғылыми зерттеулер негізінен білім беру саласындағы кемсітушіліктің жеке көріністері мен проблемаларына бағытталған. Тақырыптардың әртүрлілігі бұл құбылысты кешенді түрде бағалау қажеттігін айқын көрсетеді. Аталған тұрғыдан, қазіргі зерттеу Қазақстан Республикасының тәжірибесін ескере отырып, кемсітушілікке қарсы білім беру ортасын қалыптастыруға арналған жол картасын әзірлеуге бағытталған.

### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеу әдістемесі кемсітушілікті көпқырлы құбылыс ретінде түсінуге негізделген. Зерттеу әдістемесінің негізінде нормативтік-құқықтық базаны талдау, нақты жағдайларды қарастыру және эмпирикалық зерттеу сияқты біріктірілген тәсіл жатыр. Бұл тәсіл заңнамада формалды түрде жарияланған білімге тең қолжетімділік принциптері мен барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арасындағы нақты алшақтықтарды анықтауға бағытталған. Мұндай алшақтық ұйымдық, қаржылық, әлеуметтік-мәдени және басқа факторлардың, соның ішінде кемсітушілік тәжірибелерінің сақталуына ықпал ететін факторлардың әсерінен туындайды.

Зерттеу үш кезеңді қамтыды. Бірінші кезеңде ұлттық заңнамалар мен мемлекеттік құрылымдардың білім беру саласында дискриминацияға қарсы саясатты іске асыру шаралары талданды. Талдау материалдарына мыналар кірді: Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995); «Білім туралы» Заң (2007); «Баланың құқықтары туралы» Заң (2002); «Ерлер мен әйелдерге тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерді мемлекеттік кепілдіктер туралы» Заң (2009); Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (2023); «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік-медициналық-педагогикалық коррекциялық көмек көрсету туралы» Заң (2002), сондай-ақ халықаралық ұйымдардың актілері мен есептері (БҰҰ, 2022; UNESCO, 2016; UNESCO, 2021) және БАҚ материалдары (The Astana Times, 2025).

Екінші кезеңде басқарушылық және институционалдық тәжірибелер зерттелді, Қарағанды облысындағы инклюзивті мектептердің саны бойынша типологиялау жүргізілді. Бұл кезеңде халықаралық және ұлттық есептер, аналитикалық баяндамалар, үкіметтік платформалар мен статистикалық жинақтар негізге алынды.

Үшінші кезеңде эмпирикалық зерттеу жүргізіліп, 110 қатысушыға сауалнама өткізілді (студенттер — 80, педагогтар — 20, әкімшілік қызметкерлер — 20). Сауалнама дискриминациялық тәжірибе, құқықтық хабардарлық, антидискриминациялық құралдарды қолдану және дискриминацияға ықпал ететін факторларды бағалауға бағытталды. Зерттеу нәтижелері құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік факторлардың дискриминацияны болдырмаудағы рөлін айқындайды. Этикалық қағида ретінде зерттеуге ерікті қатысу және толық анонимділік қамтамасыз етілді.

### *Нәтижелер*

**Білім беру саласындағы кемсітушілікке жол бермеудің заңнамалық негіздері.** Қазақстан Республикасы негізгі халықаралық келісімдердің тарапшысы ретінде кемсітушіліктің барлық түрлерін болдырмауға бағытталған заңнамалық реформаларды жүйелі түрде жүргізеді. Конституция (1995) кез келген кемсітушілікке тыйым салады, оның ішінде шығу тегі, әлеуметтік немесе мүлктік мәртебесі, жынысы, тілі, діні және тұрғылықты жері сияқты белгілер қамтылған. «Білім туралы» Заң (2007) білім алу құқығының теңдігін және инклюзивті білім беру қағидатын бекітіп, жыныс, тіл, шығу тегі және әлеуметтік мәртебеден тәуелсіз білім алуды қамтамасыз етеді. Балалардың білім алу құқығының теңдігі «Баланың құқықтары туралы» Заңда (2002) да қарастырылған. Мүгедектігі бар

адамдар мен балалар үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында Әлеуметтік кодекс (2023) және «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заң (2002) қабылданған. Сонымен қатар Қазақстан халықаралық конвенцияларды ратификациялап, оның ішінде Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы (1994), мүгедектігі бар адамдардың құқықтары жөніндегі CRPD, UNESCO-ның білім саласында кемсітушілікке қарсы Конвенциялары, сондай-ақ әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы (CEDAW) (1998) Конвенциясына қосылған.

Қазіргі нормативтік-құқықтық база білім саласында кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған жүйелі реттеуді қамтамасыз етеді. Дегенмен, Қазақстанда әлі күнге дейін біртұтас кемсітушілікке қарсы заң жоқ, және оның қабылдануы халықаралық сарапшылар тарапынан жиі ұсынылуда.

**Білім беру саласында кемсітушілікке қарсы саясатты тәжірибелік жүзеге асыру негіздері.** Білім алуға әртүрлі санаттағы адамдардың кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырумен қатар, жеке немесе әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне байланысты кемсітушілікке ұшырауы мүмкін тұлғаларға қатысты білім беру саласындағы кемсітушілік көріністерін еңсеру саясатын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасында бірқатар жобалар іске асырылды (1-кесте).

1 - кесте

**Білім беру саласында кемсітушілікке жол бермеу саясатын жүзеге асыруға бағытталған  
Қазақстан Республикасының ұлттық жобалары**

№	Кейс атауы	Мәселелердің мәні	Қабылданған шаралар	Нәтижелер	Дереккөздер
1	2	3	4	5	6
	Инклюзивті білім беру жүйесін енгізу	Мүгедектігі бар балалардың білім алу құқығын іске асыру үшін нақты тең жағдайлардың болмауы. Инклюзивті білім беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқарушы және педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі. Мүгедек балалардың болуы дені сау балалардың білім алуына әсер етеді деген ата-аналардың алаңдаушылығы	Инклюзивті білім беру туралы арнайы заңның қабылдануы. Заңға тәуелді нормативтік базаны құру. Инклюзивті білім берудің ұйымдастырушылық және әдістемелік жағдайларын қалыптастыру. Мүгедек балалардың қажеттіліктерін бағалауды енгізу. Әкімшілік пен педагог мамандардың күш-жігерін біріктіру	Қарапайым мектептерде оқитын мүгедек балалар санының көбеюі. Сегрегация деңгейінің төмендеуі	Human Rights Watch (2019); Global Education Monitoring Report (UNESCO, 2021), Қазақстанның бірыңғай үкіметтік платформасының материалдары (The single platform of government agencies. 2025).
2	Гендерлік білім — кемсітушілік көріністерін жеңудің құралы ретінде	Гендерлік стереотиптердің болуы — гендерлік кемсітушіліктің негізі ретінде	Гендерлік факторды ескере отырып, оқу бағдарламаларын әзірлеу. Педагогтарды гендерлік теңдік мәселелері бойынша біліктілігін арттыру. Гендерлік теңдікті тек білімге	Оқушылар мен оқытушылардың гендерлік кемсітушілік мәселелері жөніндегі хабардарлығын арттыру. Халықаралық стандарттарды	Гендерлік білім мәселелері бойынша сарапшылар кездесуі туралы есеп (UNESCO, 2024); «Қазіргі қазақстандық қоғамдағы

			қолжетімділік саласында ғана емес, жалпы гендерлік төзімді орта қалыптастыру арқылы қамтамасыз ету	ұлттық білім беру кеңістігіне интеграциялау	гендерлік саясат» аналитикалық есебі (Analytical Report, 2024); 2024–2027 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету жөніндегі іс-қимыл жоспары (Adilet, 2024)
3	Әлеуметтік осал балалардың білімге қолжетімділігі	Әлеуметтік осал топтар өкілдерінің жоғары білім алу мүмкіндіктерінің төмендеуі	Ауыл мектептерінің түлектері, жетім балалар және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін квоталарды белгілеу	Әлеуметтік осал топтар үшін жоғары білімге қолжетімділікті арттыру	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың типтік ережелері (Adilet, 2025).
4	Кемсітушіліктер көріністерін жеңудің құралы ретінде этносаралық тренингтер	Этносаралық қайшылықтар — Кемсітушіліктерге негіз болатын жағдай	Этносаралық қатынастарды дамыту мәселелері бойынша комитет құру. Білім беру саласының қызметкерлері үшін тақырыптық семинарлар өткізу. Халықты біріктіруге бағытталған іс-шаралар өткізу, арнайы тақырыптық сабақтар ұйымдастыру	Мәдениет-аралық өзара әрекеттестіктің деңгейін арттыру. Мектептерде ксенофобия деңгейін төмендету	ОНСНР, 2022. Қазақстан; Қазақстанның біртұтас мемлекеттік платформасының материалдары (The single platform of government agencies, 2022); Қазақстан халықтары ассамблеясының материалдары (Assembly of People of Kazakhstan, 2025); «Жас тренерлер мектебі» жобасы (UNESCO, 2023a)
5	Мектептерде кемсітушіліктер мен зорлық-зомбылық көріністерін бақылау	Кемсітушілік көріністердің жасырын деңгейінің жоғары болуы	Кемсітушіліктер мен буллингпен байланысты жағдайларды ұлттық мониторинг жүргізу.	Кемсітушіліктерге қарсы мемлекеттік бағдарламалар үшін аналитикалық	2023–2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өз-өзіне

			Мектеп ортасының қауіпсіздігін бағалау жүргізу	негізді қалыптастыру	қол жұмсаудың алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар мониторингі туралы есеп (White paper, 2025); Мектептегі буллингтің алдын алу бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу (Online.zakon.kz, 2023); Білім беруді мониторингтеу жөніндегі әлемдік баяндама 2025; Аймақтық баяндама: Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия: көшбасшылық және инклюзивтілік (UNESCO, 2025); Орта білім беру ұйымдарында оқушылар арасындағы буллингтің алдын алу бағдарламасы «Досболlike» (Shaikinschool, 2025)
--	--	--	--	----------------------	--

Инклюзивті білім беру жүйесін енгізу жобасы мүмкіндігі шектеулі балалардың кәдімгі мектептерде оқуына жағдай жасауға бағытталған. Мұндай тәсіл мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, олардың әлеуметтік бейімделуін арттыруға және бар стереотиптерді жеңуге бағытталған. Жобаны жүзеге асыру Қазақстан Республикасының мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық саясатының жүйелілігін растайды. 2011–2025 жылдар аралығында инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердің үлесі 19,1 % (2011) деңгейінен 90 % (2025) деңгейіне жеткен (National Report, 2025; The Astana Times, 2025).

Білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің кешенді тәсіліне мысал ретінде «Жайлы мектеп» жобасы қызмет етеді, ол Қазақстанның біртұтас мемлекеттік платформасының материалдарында

көрсетілген (The single platform of government agencies, 2025). Жоба білім беру саласындағы кемсітпеушілік саясаты бойынша бірнеше бағытты қамтиды: мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту арқылы сапалы тегін білімді қамтамасыз ету; кедергілерсіз орта құру механизмдерін енгізу (пандустар, кеңірек кабинеттер, профильді мамандарды тарту); педагогтардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету; қалалық және ауылдық мектептер арасындағы айырмашылықты жою шараларын енгізу.

Инклюзивті білім беруді енгізудің тағы бір маңызды тәжірибесі — Қарағанды облысы тәжірибесі (The single platform of government agencies, 2025a). Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі инклюзивті мектептер санына және олардың құрылу динамикасына қатысты жағдай 2-кестеде көрсетілген.

2 - кесте

**2020-2021 және 2024-2025 оқу жылындағы инклюзивті мектептер саны бойынша Қазақстанның өңірлері және 2020-2025 жылдар аралығындағы кезеңде олардың құрылу динамикасы**

Аймақ	2020-2021 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	Айырмашылық
Қазақстан Республикасы (барлығы)	5214	6128	+914
Абай облысы	0	266	+ 266
Ақмола облысы	449	482	+33
Ақтөбе облысы	323	358	+35
Алматы облысы	506	378	-128
Атырау облысы	139	177	+38
Батыс Қазақстан облысы	282	311	+29
Жамбыл облысы	308	362	+54
Жетісу облысы	0	276	+276
Қарағанды облысы	336	366	+30
Қостанай облысы	389	411	+22
Қызылорда облысы	254	289	+35
Маңғыстау облысы	115	141	+26
Павлодар облысы	313	329	+16
Солтүстік Қазақстан облысы	333	397	+64
Түркістан облысы	621	753	+132
Ұлытау облысы	0	71	+71
Шығыс Қазақстан облысы	484	307	-177
Астана (қала)	78	104	+26
Алматы (қала)	183	211	+28
Шымкент (қала)	101	139	+38

\*Авторлар «Қазақстанның білім статистикасы» ұлттық жинағының ақпаратын пайдалана отырып әзірлеген (Taldau, 2025).

Инклюзивтілік — бұл адамның денсаулығы, жынысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, тұратын жері, этникалық ерекшелігі және миграциялық мәртебесі сияқты көпфакторлы осалдықтарды ескеру. Негізгі топқа мүгедектігі бар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар, қыздар мен әйелдер, этникалық және нәсілдік азшылықтар, мигранттар, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, ауылдық және шалғай аймақ тұрғындары, сондай-ақ қарттар кіреді [5].

Қазақстанда кемсітушілікке жол бермеу қағидасы тәжірибелік іс-шаралар арқылы жүзеге асады: осал топтар үшін кедергісіз оқу ортасын құру, техникалық қамтамасыз ету, мониторинг жүргізу сияқты шаралар қабылданады. Бұл жұмыс жеке деңгейден бастап, жалпы ұлттық деңгейге дейін қамтамасыз етілуі тиіс, нәтижесінде білім беру жүйесінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал ету мүмкіндіктері туындайды.

**Білім беру қатысушыларының инклюзивтілік пен кемсітушілік тәжірибелерін қабылдауы**

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы білім беру ортада инклюзивтілік түсінігі көбіне мүгедектігі бар оқушылармен шектелген. Әлеуметтік тұрғыдан осал топтар, этникалық және тілдік азшылықтар, сондай-ақ гендерлік аспектілер респонденттердің жартысынан азы тарапынан ғана инклюзивтікке жатқызылды. Мигранттар мен шетелдік оқушылар ең аз қамтылған топ болды.

Инфрақұрылымдық шаралар мен кедергісіз білім алу мүмкіндіктері белгілі бір деңгейде жүзеге асқанымен, стереотиптер мен алдын-ала пікірі бар қарым-қатынас әлі де кең таралған. Көпшілік

қатысушылар инклюзивтілікті кеңейту мен тұрақты мониторингтің қажеттілігін қолдайтынына қарамастан, дискриминациядан қорғау механизмдері туралы хабардарлық, әсіресе оқушылар арасында жеткіліксіз.

Бұл көрсеткіштер формальды нормативтік антидискриминациялық нормалар мен бағдарламалардың өздігінен тиімді емес екенін, оларды іске асыру үшін жүйелі жұмыс пен білім беру орта мен қатысушылардың қабылдауын ескеру қажет екенін айқындайды.

#### *Талдау*

Зерттеу нәтижелерінде айқындалған көрсеткіштер Қазақстанда білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы саясаттың жүзеге асырылу деңгейіндегі біршама кедергілердің бар екендігін аңғартады. Мәселен, мықты нормативтік-құқықтық база білім беру саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету мен кемсітушілікке қарсы қорғаудың негізі болып саналса да, оның өзі бұл құқықтардың толық орындалуын кепілдендірмейді. Мұндай көрініс әлемнің дамыған елдерінде де жиі кездеседі. Мысалы АҚШ, Франция және тағы да басқа елдерде инклюзивті білім беруді енгізудегі қиындықтар, азшылықтардың білім алуға теңсіздікке ұшырауымен анықталады [6].

Әлемдік зерттеулер көрсеткендей, білім беру ұйымдарының сандық өсуі барлық әлеуметтік топтар үшін тең қолжетімділікті автоматты түрде қамтамасыз етпейді. Керісінше, студенттер мен оқу орындарының санының өсуі ресурстардың шоғырлануы мен мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты елеулі құрылымдық теңсіздіктерді тудырады [7]. Кемсітушілікке қарсы саясатты жүзеге асырудың жеке аспектілерін түсіну әртүрлі болуы мүмкін. Әсіресе бұл инклюзия ұғымына қатысты, ол көбінесе мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін білім саласында кедергілерді жою контекстінде қарастырылады, ал «ерекше қажеттіліктері бар» басқа топтар ескерілмей қалады [8]. Мысалы, мигранттар балалары, этникалық немесе тілдік азшылық өкілдері, діни ерекшеліктері бар тұлғалар, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар. Кемсітушілікке қарсы саясатты іске асыру барысында инклюзия ұғымы көбінесе мүгедектігі бар балалармен шектеліп түсіндірілетіні байқалады. Алайда халықаралық және қазіргі әлеуметтік-құқықтық тәсілдерге сәйкес, инклюзия тек медициналық немесе психофизикалық ерекшеліктермен шектелмей, білім алуға тең қолжетімділікті шектейтін барлық әлеуметтік, мәдени, тілдік және институционалдық кедергілерді жоюды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, «ерекше қажеттіліктері бар» топтарға тек мүгедек балалар ғана емес, білім беру жүйесінде түрлі себептермен шеттетілу қаупіне ұшырайтын өзге де санаттар жатады.

Біріншіден, мигранттар мен репатрианттар (қандастар) балалары осындай топтардың қатарына кіреді. Олар көбінесе тілдік кедергілерге, оқу бағдарламасын меңгерудегі қиындықтарға, құжаттық рәсімдерге, әлеуметтік бейімделудің күрделілігіне тап болады. Бұл топқа қатысты кемсітушілік ашық түрде емес, көбінесе жанама сипатта көрініс табады: сыныпта оқшаулау, үлгерімнің төмендігі үшін стигматизация, ата-аналармен байланыс орнатудағы қиындықтар. Олардың мүдделері ретінде ана тілін қолдау, қосымша тілдік бейімдеу курстары, аудармашылық немесе медиаторлық қолдау, мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделу шаралары ескерілуі қажет.

Екіншіден, этникалық және тілдік азшылық өкілдері де инклюзия нысаны. Бұл санаттағы балалар мемлекеттік немесе оқыту тіліне жеткілікті деңгейде ие болмауы мүмкін, нәтижесінде оқу процесіне толыққанды қатыса алмайды. Кемсітушілік көбіне мәдени ерекшеліктерді елемей, тілдік кемсітушілік, төмен академиялық күтулер арқылы байқалады. Бұл жағдайда инклюзия арнайы оқулықтардан гөрі, көптілді қолдау, тілдік қолдау бағдарламалары арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Үшіншіден, діни ерекшеліктері бар тұлғалар (оқушылар мен студенттер) да жасырын кемсітушілікке ұшырауы мүмкін. Ол діни киімге шектеу қою, діни тәжірибелерді (намаз оқу, ораза ұстау) ескермеу, діни негіздегі стигматизация түрінде көрініс табады. Инклюзия бұл жерде міндетті түрде арнайы ғибадат бөлмелерін ашумен шектелмейді, бірақ ар-ождан бостандығын құрметтеу, діни сеніміне байланысты кемсітуге жол бермеу, бейтарап әрі толерантты орта қалыптастыруды талап етеді.

Төртіншіден, әлеуметтік осал және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар білім алуға материалдық және институционалдық теңсіздікке жиі тап болады. Олардың негізгі қиындықтары — қосымша білімге қолжетімділіктің шектеулілігі, цифрлық теңсіздік, мектептен тыс қолдау ресурстарының аздығы. Бұл топқа қатысты кемсітушілік көбіне құрылымдық сипатта болады. Инклюзия мұнда тегін тамақ, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, цифрлық қолжетімділікті кеңейту, әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы іске асырылуы қажет.

Қазақстан жағдайында білім алудан толық шеттетілген топтар ресми түрде аз болғанымен, жанама және құрылымдық шеттетілу құбылыстары (тілдік, әлеуметтік, мәдени себептерге байланысты) сақталып отыр. Сондықтан инклюзияны тек мүгедек балалармен шектеу білім беру саласындағы теңсіздіктің өзге нысандарын көзден таса қалдыруға алып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру — бұл арнайы оқулықтар немесе жеке инфрақұрылыммен ғана шектелетін тар саясат емес, керісінше, кемсітушіліктің барлық түрін болдырмауға бағытталған кешенді, құқыққа негізделген және әлеуметтік әділеттілікке бағдарланған тәсіл болып табылады.

Ж. Мамерханова, А. Сакаева, К. Ахметкаримова сияқты авторлар өз зерттеулерінде Қазақстан мектептерінде инклюзияның басым үлгісі әлі де медициналық модель болып табылатындығын талдай келе, инклюзияны біртұтас түсіну үшін қосымша жұмыс жүргізу қажеттігін анықтаған [9]. Сонымен қатар инклюзивті білімді жеке білім түрі ретінде бөліп көрсетуге бағытталған тәсілге де сын айтылуда. Кейбір зерттеушілер әрбір білім беру үрдісін инклюзивті деп санауға болады деп атап өтеді, өйткені ол әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың дамуына бағытталған. Мұндай тәсіл негізді болса да, тәжірибелік жағдайда оның идеалистік сипаты бар деп тану қажет.

Тәжірибелік тұрғыдан қарағанда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беру Қазақстанда толық көлемде іске асырылу тетіктері толық қалыптастырылмаған. Бұл феномен тек Қазақстан жағдайына ғана тән емес, халықаралық зерттеулер де ұқсас тұжырымдар береді, мұнда инклюзивтіліктің тиімді іске асуына кедергі келтіретін басты факторлар ретінде құрылымдық және мәдени аспектілер аталады. Сонымен қатар әртүрлілікті басқару және ұйымдық инклюзия академиялық ортадағы қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығына және әділдік сезіміне елеулі ықпал етеді, бұл білім беру ұйымдарының тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [10].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы білім беру жүйесінде инклюзияның көбіне **мүгедектігі бар балалармен ғана шектелетінін** көрсетеді, ал әлеуметтік-мәдени, тілдік, гендерлік кедергілер жеткілікті түрде ескерілмейді. Бұл жағдай инклюзияны іске асырудағы негізгі тосқауылдардың бірі. Сондықтан гендерлік стереотиптерді жоюға бағытталған және барлық әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін ескеретін педагогикалық стратегияларды енгізу маңызды. Сонымен қатар, инклюзияны кеңейту үшін заңнаманы **тек медициналық критерийлерге емес, барлық әлеуметтік, мәдени, тілдік және гендерлік айырмашылықтарды ескеретіндей етіп жетілдіру қажет.** Қазақстанда мүгедектігіне негізделмеген кемсітушілікке қатысты ресми статистика аз болса да, әлеуметтік және мәдени кедергілердің нәтижесінде білім беру процесінде жанама дискриминация байқалатыны ғылыми зерттеулермен расталған.

Зерттеуде заңнамалық кемсітушілікке қарсы нормаларды тәжірибелік іске асыру олардың білім беру жүйесі мен басқарушылық тәжірибеге интеграциясы арқылы тиімділігін арттыратыны көрсетілді. Кемсітушілікке қарсы заң білім беру саласында тең құқықтар мен кемсітпеу принципін бекітсе де, әлеуметтік, мәдени, тілдік және гендерлік аспектілерді толық қамтымайды, сондықтан жетілдіру қажет. Қазақстанда инклюзия тек мүгедектігі бар балаларға шектеліп, әлеуметтік-мәдени кедергілер жеткілікті ескерілмейді, бұл білім беру жүйесінің толық трансформациясын талап етеді. Трансформация заңнаманы кеңейту, педагогикалық стратегияларды жетілдіру, мектеп инфрақұрылымын бейімдеу және әлеуметтік-мәдени тосқауылдарды жою арқылы жүзеге асады, бұл инклюзияны жан-жақты және тиімді іске асыруға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымдық шаралар мен кедергісіз білім алу мүмкіндіктері белгілі бір деңгейде жүзеге асқанымен, стереотиптер мен алдын-ала пікірі бар қарым-қатынас әлі де кең таралған. Көпшілік қатысушылар инклюзивтілікті кеңейту мен тұрақты мониторингтің қажеттілігін қолдайтынына қарамастан, оқушылар арасында дискриминациядан қорғау механизмдері туралы хабардарлық жеткіліксіз. Бұл жағдай инклюзияны тек физикалық және нормативтік деңгейде енгізудің жеткіліксіз екенін көрсетеді және әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік аспектілерді ескеретін педагогикалық стратегияларды, оқушылардың құқықтық сауаттылығын және тиімді мониторинг механизмдерін енгізуді қажет етеді.

Білім беру үрдісін теңдік қағидасына сәйкес ұйымдастыру және мәдени-сезімтал педагогикалық құралдарды қолдану оқу орындарының тәжірибесінде маңызды рөл атқарады. Әмбебап білім беру модельдері нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуі керек, бұл білім беру ортасындағы кемсітушілік қаупін азайтуға, инклюзияны енгізуге және әлеуметтік әділдікке жетуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда білім беру саясаты басқа осал топтарды да қамтитынына қарамастан, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар әлі де басымдық алады. Бұл шектеу **инклюзияны тар ауқымда түсіну** деп бағаланады, себебі сауалнама нәтижелері көрсеткендей, зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі инклюзияны тек мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты түсінген, ал басқа осал топтар (мигранттар балалары, әлеуметтік осал отбасыдан шыққан балалар, этникалық немесе тілдік азшылық өкілдері, гендерлік және мәдени ерекшеліктері бар тұлғалар) жиі назардан тыс қалған.

Әлемдік бағалаулар да осы шектеудің маңыздылығын көрсетеді: 193 елдің дерегіне сәйкес, шамамен әр бесінші елде білім беру ортасындағы кемсітушілікті болдырмау бойынша маңызды мәселелер бар, оның ішінде 21 %-да мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған заңдық нормалар жоқ [11]. Бұл халықаралық контекст Қазақстандағы инклюзияның тар түсінілуі тек қазақстандық мәселе емес екенін дәлелдейді, бірақ жергілікті деңгейде әлеуметтік теңсіздік пен дискриминацияны азайтуды талап етеді.

Мәселені нақты анықтау маңызды, себебі **инклюзияны тар ауқымда түсіну барлық осал топтарға тең мүмкіндік беруді тежейді**. Оны шешу үшін келесі шаралар қажет:

1. Инклюзияны **көпфакторлы, барлық әлеуметтік, мәдени, тілдік және гендерлік ерекшеліктерді қамтитындай кеңейту**;
2. Педагогикалық стратегияларды осы бағытта жетілдіру;
3. Оқушылар мен мұғалімдер арасында дискриминациядан қорғау механизмдері туралы құқықтық және әлеуметтік хабардарлықты арттыру;
4. Тұрақты мониторинг жүйесін енгізу.

Бұл шаралар білім беру жүйесін тек мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қамту деңгейінен шығарып, барлық осал топтар үшін тең мүмкіндіктерге негізделген жан-жақты инклюзияны қамтамасыз етеді. Сауалнама нәтижелері мен халықаралық деректер осы ұсыныстардың өзектілігін растайды. Кемсітушілікке қарсы саясат барлық факторларды ескере отырып бағалануы қажет. Еуропа елдерінде, мысалы Германияда, білім беру мен миграциялық саясат интеграцияланған. Мигранттарға тілдік қолдау, бейімдеу курстары және құқықтық қорғау механизмдері қарастырылған, қаржыландыру Еуропалық одақ бағдарламалары арқылы жүзеге асады [12].

Қазақстан мен басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, білім беру саласындағы кемсітушілікті болдырмауда заңнамалық және материалдық база маңызды болғанымен, негізгі рөл әлі де адами факторға байланысты. Заңдар адамдардың құқығы мен міндеттерін белгілеп, дискриминацияны тыйым салса да, **адамдардың наным-сенімі мен мәдени құндылықтарын бірден өзгерте алмайды**. Сол себепті жаңа толерантты мәдениетті қалыптастыру үшін заңдар ғана жеткіліксіз; оларды педагогикалық, ақпараттық және мәдени шаралармен үйлестіру қажет. Заңдар қоғамда тәртіпті реттеп, тең құқықты қамтамасыз ету, кемсітушілікті болдырмау, мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінің жауапкершілігін айқындау, мониторинг және есеп беру механизмдерін енгізу арқылы қоғамдағы нормативтік негізді қалыптастырады. Алайда адамдардың көзқарасы мен қатынасы заң арқылы тек қысқа мерзімде мінез-құлық деңгейінде әсерленеді; тұрақты өзгеріс үшін **заңдық нормаларды инклюзивті педагогикалық стратегиялар мен мәдени жобалармен үйлестіру қажет**, осылайша қоғамда шынайы толерантты мәдениет қалыптасады.

#### *Қорытынды*

**Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы білім беру ортасында кемсітушіліктің алдын алуға бағытталған құқықтық реттеу мен оны іске асыру тетіктеріне қатысты қалыптасқан ғылыми көзқарастарды жүйелеуге мүмкіндік туды. Алынған эмпирикалық және теориялық деректерді жинақтай отырып, зерттеу нәтижелерін төмендегідей негізгі қорытындылар түрінде ұсынуға болады.**

1. Қазақстандағы білім беру жүйесінде инклюзия көбіне мүмкіндігі шектеулі балалармен ғана шектеледі, ал басқа осал топтар (мигранттар балалары, әлеуметтік осал және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, этникалық және тілдік азшылық өкілдері, діни ерекшеліктері бар тұлғалар) жеткілікті деңгейде ескерілмейді. Бұл инклюзияны тар ауқымда түсіну білім беру саласындағы теңсіздіктің басқа нысандарын назардан тыс қалдыруға әкеледі. Кемсітушілік көбінесе жанама сипатта, құрылымдық немесе әлеуметтік-мәдени факторлар арқылы көрініс табады: тілдік кедергілер, әлеуметтік бейімделудің қиындығы, экономикалық шектеулер, гендерлік стереотиптер, мәдени және діни ерекшеліктерді елемей. Мұндай жағдай инклюзияны тиімді іске асыруға кедергі келтіреді және білім алу үрдісінде жанама дискриминацияға жол ашады.

2. Қазақстанда білім беру саласындағы инклюзияны кеңейту үшін заңнаманы тек медициналық критерийлерге емес, барлық әлеуметтік, мәдени, тілдік және гендерлік айырмашылықтарды ескеретіндей етіп жетілдіру қажет. Педагогикалық стратегиялар барлық әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалуы тиіс. Сонымен қатар, дискриминациядан қорғау механизмдері бойынша оқушылар мен мұғалімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, әлеуметтік және мәдени тосқауылдарды азайту үшін тұрақты мониторинг жүйесін енгізу маңызды.

3. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей (мысалы Германия), білім беру мен миграциялық саясаттың интеграциясы, тілдік қолдау, бейімдеу курстары, құқықтық қорғау механизмдері және қаржыландыру жүйелі түрде іске асқанда ғана инклюзия тиімді болады. Алайда, заңдық нормалар адамдардың наным-сенімі мен мәдени құндылықтарын бірден өзгерте алмайды. Сондықтан толерантты мәдениетті қалыптастыру үшін заңдар педагогикалық, ақпараттық және мәдени шаралармен үйлесуі тиіс.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы** алынған нәтижелердің білім беру саласындағы кемсітушілікке негізделген қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған білім беру саясатын жетілдіруде, басқарушылық шешімдерді қабылдауда және кемсітушілікке қарсы іс-қимыл тетіктерін нығайтуда қолданылу мүмкіндігімен айқындалады.

**Зерттеудің ғылыми құндылығы** білім беру ортасында кемсітушіліктің алдын алу мәселесін құқықтық, әлеуметтік және мәдени факторлардың өзара байланысында кешенді талдауда, сондай-ақ инклюзивтілікті кең мағынада түсіндіру қажеттігін теориялық тұрғыдан негіздеуде көрініс табады.

**Зерттеу нәтижелері** алдағы ғылыми ізденістерде, сондай-ақ білім беру саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған заң шығару және құқық қолдану тәжірибесінде пайдаланылуы мүмкін.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру ортасында кемсітушілікке жол бермеуге бағытталған берік заңнамалық кепілдіктер қалыптасқан. Алайда кейбір ұғымдарды, атап айтқанда инклюзивтілік ұғымын кеңейтілген түрде түсіндіру мәселесі өзектілігін сақтап отыр, себебі оның қазіргі мазмұны инклюзивтілікпен қорғалатын тұлғалар шеңберін едәуір шектейді. Сондай-ақ бірыңғай кемсітушілікке қарсы іс-қимыл туралы заң қабылдау қажеттілігі де күн тәртібінде тұр. Мұндай заң кемсітушіліктен қорғауды барлық санаттағы тұлғалар үшін нақты айқындауға мүмкіндік берер еді.

Осылайша, Қазақстанда білім беру жүйесін трансформациялау тек медициналық немесе инфрақұрылымдық инклюзиямен шектелмеуі керек. Ол барлық осал топтар үшін тең мүмкіндіктерге негізделген жан-жақты, құқыққа негізделген және әлеуметтік әділеттілікке бағытталған саясатты көздейді. Инклюзияны кеңейту мен тиімді іске асыру үшін:

- көпфакторлы тәсіл қолдану;
- педагогикалық стратегияларды жетілдіру;
- құқықтық және әлеуметтік хабардарлықты арттыру;
- тұрақты мониторинг жүйесін енгізу маңызды.

Бұл шаралар білім беру жүйесін инклюзияны тек мүмкіндігі шектеулі балалармен шектейтін деңгейден шығарып, барлық осал топтар үшін тең құқықтық және әлеуметтік әділетті орта құруға мүмкіндік береді.

*Бұл зерттеу қаржыландырылмады*

#### Әдебиеттер тізімі

1 Указ Президента Республики Казахстан «Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года» от 15 октября 2021 г. № 674. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

2 United Nations. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. — New York: United Nations, 2015. — Goal 4: Quality Education. — [Electronic resource]. — Access mode <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/education/>

3 Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа <https://online.zakon.kz>

4 Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)

- 5 Сайт журнала «Инклюзивность и образование». — [Электронный ресурс]. — Режим доступа [https://www.unesco.org/gem-report/ru/publication/inclusion-and-education?utm\\_source](https://www.unesco.org/gem-report/ru/publication/inclusion-and-education?utm_source)
- 6 Park M.Y. Linguistic discrimination in higher education: experiences of North Korean university students in South Korea. [Electronic resource] / M.Y. Park, S. May // Language, Culture and Curriculum — 2025. — Vol. 38(1). — P. 113–129. — Access mode <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/07908318.2024.2422354#d1e287>
- 7 Prapti B. Higher Education Landscape in India: Government Expenditure and Its Implications on Growth and Access / B. Prapti, P. Borthakur, S.K. Nath, S. Chakraborty // Journal Space and Culture. — 2024. — Vol. 12. — № 1. — P. 42–63.
- 8 Makoelle T.M. Schools' Transition Toward Inclusive Education in Post-Soviet Countries: Selected Cases in Kazakhstan / T.M. Makoelle // Sage Open. — Vol. 10. — No. 2. — P. 2158244020926586. [https://doi.org/10.1177/2158244020926586?urlappend=%3Futm\\_source%3Dresearchgate.net%26utm\\_medium%3Darticle](https://doi.org/10.1177/2158244020926586?urlappend=%3Futm_source%3Dresearchgate.net%26utm_medium%3Darticle)
- 9 Mamerkhanova Z. Development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan: an inside view (case of the Karaganda region) / Z. Mamerkhanova, A. Sakayeva, K. Akhmetkarimova, D. Assakayeva, V. Bobrova // Front. Educ., Sec. Special Educational Needs. — Vol. 10. — 2025. <https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1630225>
- 10 Mousa M. Workplace Happiness for Academics? The Role of Diversity Management and Organizational Inclusion. [Electronic resource] / M. Mousa // Public Organization Review. — 2021. — P. 119–135. Access mode <https://link.springer.com/article/10.1007/s11115-020-00479-0>
- 11 Moriyasu C. Realizing the right to education for all: Approaches to removing barriers based on gender, disability, and socio-economic status in 193 countries [Electronic resource] / C. Moriyasu, A. Cassola, A. Sprague, A. Raub, J. Heymann // International Journal of Educational Development. — 2025. — Vol. 117. — P. 103348. — Access mode <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0738059325001464>
- 12 Pantic N. A matrix of educational policies to support migrant students across Europe / N. Pantic, C. Gialdini, H. Packwood, G. Viry // European Educational Research Journal. — 2025. — Vol. 24. — Issue 5. — P. 571–590. <https://doi.org/10.1177/14749041251337233>

А.И. Бирманова, А.Б. Шакирова

## **Реализация права граждан на образование и противодействие дискриминации в системе образования Республики Казахстан: правовые и социальные аспекты**

В статье рассматриваются правовые и социальные аспекты реализации права граждан на образование и противодействия дискриминации в образовательной среде Республики Казахстан. Авторы отмечают, что эффективность системы образования зависит не только от качества педагогического процесса, но и от обеспечения равных возможностей для всех обучающихся. Особое внимание уделяется тому, что социально-экономические различия, недостаточная вовлеченность отдельных групп в образовательный процесс, а также конфликты на почве нетерпимости создают условия для распространения дискриминации. Кроме того, анализируется действующее законодательство и нормативные правовые акты, регулирующие сферу образования, а также национальные инициативы, направленные на развитие инклюзивного образования. Целью исследования является комплексный анализ правовых, организационных и социокультурных факторов, влияющих на реализацию принципа недискриминации в сфере образования Республики Казахстан. Для достижения поставленной цели применен многоуровневый подход включающий: анализ действующего законодательства и нормативных правовых актов, регулирующих образовательную сферу, рассмотрены кейс-стади национальных инициатив по инклюзивному образованию, а также проведено эмпирическое анкетирование участников образовательного процесса (обучающихся, педагогов и административного персонала). В результате исследования выявлены существенные правовые пробелы, выражающиеся в недостаточной конкретизации антидискриминационных норм и несогласованности между республиканскими и региональными нормативными правовыми актами. Это приводит к неравномерной защите прав участников образовательного процесса. Авторы обосновывают необходимость совершенствования нормативной базы, внедрения системы мониторинга дискриминационных проявлений и усиления взаимодействия между образовательными организациями, государственными и общественными структурами.

*Ключевые слова:* право на образование, инклюзивное образование, противодействие дискриминации, образовательная среда, реализация образовательных прав, образовательная политика.

A.I. Birmanova, A.B. Shakirova

## Implementation of the Right to Education and Counteraction to Discrimination in the Education System of the Republic of Kazakhstan: Legal and Social Aspects

The article examines the legal and social aspects of the realization of citizens' right to education and efforts to combat discrimination within the educational environment of the Republic of Kazakhstan. The authors emphasize that the effectiveness of the education system depends not only on the quality of instruction, but also on ensuring equal opportunities for all students. Particular attention is paid to the fact that socio-economic differences, insufficient involvement of individual groups in the educational process, as well as conflicts based on intolerance create conditions for the spread of discrimination. The study also analyzes current legislation and regulatory acts governing the field of education, as well as national initiatives aimed at the development of inclusive education. The purpose of the study is a comprehensive analysis of the legal, organizational and socio-cultural factors affecting the implementation of the principle of non-discrimination in education in the Republic of Kazakhstan. To achieve this goal, a multi-level approach was applied: an analysis of current legislation and regulatory legal acts regulating the educational sphere was carried out, case studies of national initiatives on inclusive education were considered, and an empirical survey of participants in the educational process (students, teachers, and administrative staff) was conducted. As a result of the study, significant legal gaps have been identified, expressed in insufficient specification of anti-discrimination norms and inconsistencies between national and regional regulatory legal acts. This leads to uneven protection of the rights of participants in the educational process. The authors substantiate the need to improve the regulatory framework, introduce a system for monitoring discriminatory manifestations and strengthen interaction between educational organizations, government and public structures.

*Keywords:* right to education, inclusive education, counteraction to discrimination, educational environment, implementation of educational rights, educational policy.

### References

- 1 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan «Ob utverzhdenii Kontseptsii pravovoi politiki Respubliki Kazakhstan do 2030 goda» ot 15 oktiabria 2021 g. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan “On approval of the Concept of Legal Policy of the Republic of Kazakhstan until 2030”]. *adilet.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674> [in Russian].
- 2 (2015). United Nations. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. New York: United Nations, Goal 4: Quality Education. *www.un.org*. Retrieved from <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/education/>
- 3 Konstitutsiia Respubliki Kazakhstan ot 30 avgusta 1995 goda (s izmeneniami i dopolneniami) [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated on August 30, 1995]. *adilet.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) [in Russian].
- 4 Zakon Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii» ot 27 iulia 2007 g. [The Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. July 27, 2007]. *adilet.kz*. Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_) [in Russian].
- 5 Sait zhurnala «Inkluzivnost i obrazovanie» [Site of journal “Inclusivity and education”]. *mmi.fem.sumdu.edu.ua*. Retrieved from [https://www.unesco.org/gem-report/ru/publication/inclusion-and-education?utm\\_source](https://www.unesco.org/gem-report/ru/publication/inclusion-and-education?utm_source) [in Russian].
- 6 Park, M.Y., & May, S. (2025). Linguistic discrimination in higher education: experiences of North Korean university students in South Korea. *Language, Culture and Curriculum*, 38(1), 113–129. Retrieved from <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/07908318.2024.2422354#d1e287>
- 7 Prapti, B., Borthakur, P., Nath, S.K., & Chakraborty, S. (2024). Higher Education Landscape in India: Government Expenditure and Its Implications on Growth and Access. *Journal Space and Culture*, 12(1), 42–63.
- 8 Makoelle, T.M. Schools' Transition Toward Inclusive Education in Post-Soviet Countries: Selected Cases in Kazakhstan. *Sage Open*, 10(2), 2158244020926586. [https://doi.org/10.1177/2158244020926586?urlappend=%3Futm\\_source%3Dresearchgate.net%26utm\\_medium%3Darticle](https://doi.org/10.1177/2158244020926586?urlappend=%3Futm_source%3Dresearchgate.net%26utm_medium%3Darticle)
- 9 Mamerkhanova, Z., Sakayeva, A., Akhmetkarimova, K., Assakayeva, D., & Bobrova, V. (2025). Development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan: an inside view (case of the Karaganda region). *Front. Educ., Sec. Special Educational Needs*, 10. <https://doi.org/10.3389/educ.2025.1630225>
- 10 Mousa, M. (2021). Workplace Happiness for Academics? The Role of Diversity Management and Organizational Inclusion. *Public Organization Review*, 119–135. Retrieved from <https://link.springer.com/article/10.1007/s11115-020-00479-0>
- 11 Moriyasu, C., Cassola, A., Sprague, A., Raub, A., & Heymann, J. (2025). Realizing the right to education for all: Approaches to removing barriers based on gender, disability, and socioeconomic status in 193 countries. *International Journal of Educational Development*, 117, 103348. Retrieved from <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0738059325001464>
- 12 Pantic, N., Gialdini, C., Packwood, H., & Viry, G. (2025). A matrix of educational policies to support migrant students across Europe. *European Educational Research Journal*, 24(5), 571–590. Retrieved from <https://doi.org/10.1177/14749041251337233>

### Авторлар туралы мәліметтер

**Бирманова Аксункар Исланбековна** — PhD, қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: [birmanovaa81@internet.ru](mailto:birmanovaa81@internet.ru)

**Шакирова Алтынай Боранкулқызы** — PhD, профессор ассистенті, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, заң факультеті деканының ғылым жөніндегі орынбасары, Қарағанды, Қазақстан; e-mail: [altunay.shakirova@mail.ru](mailto:altunay.shakirova@mail.ru)

### Information about the authors

**Birmanova Aksunkar Islanbekovna** — PhD, Associate professor, Head of the Department of Theory and History of State and Law, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [birmanovaa81@internet.ru](mailto:birmanovaa81@internet.ru)

**Shakirova Altynai Borankulkyzy** — PhD, Assistant professor, Deputy Dean for science, Faculty of law, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: [altunay.shakirova@mail.ru](mailto:altunay.shakirova@mail.ru)